

«Бекітемін» _____
«Ғ.Әбдірахманов атындағы
жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ директорының м.а
Биримжанова Л.А.
« 31 » 08 2021 жыл

«Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы» вариативті компонент жоспары

Түсінік хат

Еліміздің бүгінгі мен ертеңгі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Елімізде мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің саны жылдан жылға көбейіп, балабақшаларға деген халықтың сұранысы арта түсуде. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттырып, халықтың қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында 2010-2014 жылдарына арналған «Балапан» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының этикалық-мәдени білім тұжырымдамасында: «... жеке тұлға өз ұлтының мәдениеті мен ілін қажетсіне ме, оларды меңгеруге ұмтылысы, өзін-өзі халқына сәйкестендіруге ықыласы бар ма?» деген мәселе өте маңызды. Мемлекет осы үш фактордың әрқайсысын қалыптастырудың нақты жлдарын қарастыруға, тұлғаны ана тілі мен төл мәдениетті меңгеруге ынталандырып, жан-жақты жәрдем көрсетуге тиіс» деп атап көрсетілген болатын.

Этонпедагогиканың кез келген материалдары қоршаған ортаны тануға, оның пайда болуын білуге ұмтылуға, табиғат пен қоғамның негізгі сырын танып білуге, қоғамда өзінің орнын анықтап, бағыт-бағдар жасауға т.б дүниетанымның негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиеленуде қазақ этнопедагогикасы материалдардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеп алып, оқу – тәрбие үрдісінде қолданудың маңызы зор.

Ежелден қазақ халқы мал, егін шаруашылығын негізгі кәсіптің көзіне айналдырумен бірге ұлттық өнер түрлерін (ән-күй, шешендік өнер, айтыс өнері, ән айту, қолөнер бұйымдарын жасау, кілем тоқу, өрнек тоқу, би өнері, жыр жазу, ән

шығару, ән айту ұлттық аспаптарда ойнау т.б) жас ұрпақтың үйренуіне, таратуына, мән-мағынасын түсінуге және қастерлеуге баулып отырған. Бүгінде біз ата –баба дәсүрінен жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларын ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті ұрпақ тәрбиелеуді мектепке дейінгі шақтан қолға алу бүгінгі қоғам дамуында алар орны ерекше. **Авторы:** Ақжарқын Бадел. Астана – 2011 жыл

Қазақ этнопедагогикасы тәрбие бастауы
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 33 сағат

№	Сабақ тақырыбы	Бағдарлама мазмұны мен мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Қазақша амандасып үйренейік!	Қол алысып амандасу, құшақтасып амандасу, төс қағыстырып амандасу түрлерімен таныстыру,	1	06.09.21
2	Әдептілік әліппесі	Адамға тән адамгершілік қасиеттер туралы түсіндіре отырып, адамгершілікке байланысты мақал – мәтелдердің мағынасын түсіндіру. Адамгершілікке байланысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру. Жатқа айтуға үйрету.	1	13.09.21
3	Алтын күз – ауқатты күз	Күзгі табиғаттың ерекшеліктерімен таныстыра отырып, «алтын» «жомарт», «ауқатты» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Күз мезгіліне қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.	1	20.09.21
4	Қазақтың ырымдары	Қазақтың ырымдары туралы толық түсінік беру. Ойшылдыққа, әдептілікке, адалдыққа, батылдыққа әдемілікке сезімталдыққа тәрбиелеу.	1	24.09.21
5	Сиыр сүтінен жасалатын тағам	Сүт және сүттен жасалатын тағамдардың атаулары жөнінде білімдерін жетілдіру. Сүт тағамдарының адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіре отырып, жасалу жолдарымен таныстыру.	1	04.10.21
6	Нан – ас атасы	Нан түрлерімен таныстыру(таба рар, күлше, бөлке, нан, тандыр нан т.б.) нанды қастерлеуге үйрету, нанға қатысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру.	1	11.10.21
7	Үлкенді құрметтеу	Үлкендерді құрметтеуге тәлім – тәрбие бере отырып, үлкендерге байланысты нақыл сөздер мен тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру.	1	18.10.21
8	Өзара әдепті болу	Балаларға өз ара әдепті болу мақсатын түсіндіре отырып, әдепті, ақылды, сабырлы болуға үйрету.	1	25.10.21

9	Қазақтың батырлары	Қазақ батырлары туралы түсіндіру, батырлардың ерлік істері туралы әңгімелеп беру. Батырлар туралы түсірілген қазақ кинолары жайында айтып беру.	1	08.11.21
10	Жеті ата	Туыстық атаулар туралы бейімдерін шындай түсу, жеті ата туралы түсінік беру. Жеті атасын жаңылмай жатқа айтып беруге үйрету. Әке, ата, немере, шөбере, шөпшек т.б	1	15.11.21
11	Қазақ хандары	Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Кенесары хан, Тәуке хан, Керей хан жөнінде түсіндіру.	1	22.11.21
12	Жеті қазына	Жеті қазына жайлы түсіндіре отырып, балаларға жеті қазынаны жатқа айтқызу жеті қазынаның қасиетімен таныстыру.	1	29.11.21
13	Төрт түлік мал	Төрт түлік мал жайында толық түсіндіру, төрт түлік малды ажырата білуге үйрету. (Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата)	1	06.12.21
14	Жаңбыр және жаңбыр түрлері	Жаңбыр туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңбыр түрлерімен таныстыру, (ақ жаңбыр, соқыр жаңбыр)	1	13.12.21
15	Балаға ат қою	Дүниеге келген жас нәрестеге ат қою рәсімі туралы толық түсіндіру. Қазақтың атадан балаға жалғасып келе жатқан салт дәстүрлерін тыңдату.	1	20.12.21
16	Бесікке салу	Салт дәстүріміз жайлы түсіндіре отырып, балаларға баланы бесікке салу рәсімімен түсіндіру және бесікке салу тойын бесік той деп атайтыны жөнінде толықтырып түсіндіру.	1	27.12.21
17	Баланы қырқынан шығару	Дүниеге келген жас нәрестені салт дәстүріміз бойынша қырқынан шығару жолдарымен таныстыру.	1	17.01.22
18	Тұсау кесу	Тұсау кесу рәсімінің арнайы ырымдары мен джолдарын түсіндіре отырып, балаларға тұсау кесу рәсімімен таныстыру.	1	24.01.22
19	Батырлардың қару - жарақтары	Батырлардың қару – жарақтарымен таныстыру (күрзі, шокпар, садақ, қалқан т.б) батырлық ерлік туралы мақал – мәтелдердің мәнін түсіндіру.	1	31.01.22
20	Санамақтар	Санамақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, қолдану ерекшеліктері туралы білімдерін жетілдіру. Жұмбақ-санамақтар мен есеп санамақтарын шешуге үйрету.	1	14.02.22
21	Сүндет той	Қазақтың салт дәстүрі бойынша тойдың түрлері көп соның бірі сүндет той. Сүндет той туралы толық мәлімет бере отырып сүндет тойдың дәстүрімен таныстыру.	1	21.02.22
22	Ұлттық тағамдар	Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру, еттен ұннан дәнді – дақылдардан	1	28.02.22

		жасалған тағамдарды ажырата білуге үйрету. Ұлттық ас мәзірі туралы тағамдарға арналған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.		
23	Ұлыс күні айтылатын бата-тілектер	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін бекіте отырып, мерекеде айтылатын бата – тілектермен таныстыру.	1	05.03.22
24	Әшекей бұйымдар	Әйел адамдардың қолданатын әшекей бұйымдарымен таныстыру. (түйреуіш, қапсырма, алқа, шолпы т.б) Аналарға қыздарға ілтипат көрсетуге тәрбиелеу.	1	14.03.22
25	Халқымыздың құстарды қорғау дәстүрлері	Құстардың ерекшеліктері туралы, олардың пайдасы туралы түсіндіре отырып, құстарды қорғауға үйрету.	1	04.04.22
26	Тілашар	Халқымыздың ұлттық тойларының бірі тілашар. Тілашар тойы туралы толық түсіндіре отырып тілашардың рәсімімен таныстыру.	1	11.04.22
27	Қазақтың байырғы өлшем бірліктері, қол өлшемдері	Қазақтың байырғы өлшем бірліктері туралы түсінік бере отырып, қол өлшемдерімен (құлаш, жарты құлаш, қарыс, сүйем, елі, т.б) таныстыру дұрыс қолдана білуге жетелеу.	1	
28	Көліктер мен жаяу адам жүретін жолдар	Көліктер мен жаяу адам жүретін жолдардың аттарымен таныстыру. (әуе жолы, темір жол, су жолы, жалғыз аяқ жол, даңғыл жол т.б) Қандай жол қандай көліктерге арналғанын ажырата білуге үйрету.	1	18.04.22
29	Атқа (ашамайға) мінгізу тойы	Сал – дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейту, баланы атқа мінгізу дәстүрімен таныстыру. Салт – дәстүрге құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1	25.04.22
30	Көктемгі табиғат	Көктем туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа байланысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.	1	16.05.22
31	Ат әбзелдері	Ат және оның әбзелдері жайында түсінік беру. Әбзелдердің аттарымен (жүген, қамшы, ер тізгін, шідер т.б) қолдану ерекшеліктерімен таныстыру.	1	16.05.22
32	Қазақстан Республикасы бойынша өткен тақырыптарды қайталау.	Өткен сабақтарды қайталау, балалардың білімдерін тиянақтау.	2	23.05.22 23.05.22